



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

23.04.2024 № 106

Ақтөбе қаласы

город Актобе

Облыстық коммуналдық мүлікті кейіннен сатып алу құқығынсыз
сенімгерлік басқаруға беру туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17, 75-баптарына, «Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруға беру қағидаларын және Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқарудың үлгілік шартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 17 бұйрығына сәйкес, «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 19 наурыздағы № 01-25/818 хатының негізінде Ақтөбе облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес облыстық коммуналдық мүлік заңнамада белгіленген тәртіппен кейіннен сатып алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға берілсін.

2. Осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес облыстық коммуналдық мүлікті сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі комиссияның лауазымдық құрамы бекітілсін.

3. «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі коммуналдық мүлік объектілерін сенімгерлік басқаруға беру бойынша тендерлік шарттар дайындасын және осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі коммуналдық мүлік объектілерін сенімгерлік басқаруға беру рәсімін өткізсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Ақтөбе облысының әкімі



А. Шахаров

* Сәулет, тиімділік және қарымсыз деп танылады. Қазіргі бағыттағы мақсат үшін қолданылатын жерлерді, белгіленген тәртіппен
БЕКІТІЛДІ және ЕСЕЛІКЕ АЛЫНАДЫ.
* Басқа бір сервитуцтың нөмірі НЕ ДІСТІНІЛДІ. Қатты «ра» сұрақпен белгіленгендіктен, дағдыға қарай оған қолданылатын қолданыс
ЗАБЕРІЖУТІСІН және УЧИТЫЛАЮТСЯ в установленном порядке.

025036

Ақтөбе облысы әкімдігінің
2024 жылғы «23» 04
№ 106 қаулысына
1-қосымша

Кейіннен сатып алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға берілетін мүлік

№	Объектінің атауы	Мекенжайы	Жер актісіне сәйкес жер учаскесінің ауданы (га)	Ғимараттың жалпы ауданы (ш.м.)	Кадастрлық нөмірі
1.	Балабақша ғимарат	Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы, Қаратоғай ауылдық округі, Қаратоғай ауылы, Болашақ тұйық көшесі, 1 үй	0,1391	101,9	02-029-035-018-1/А
2.	Жапсаржай			5,2	02-029-035-018-1/а1
3.	Асхана			21,7	02-029-035-018-1/Б
4.	Жапсаржай			6,4	02-029-035-018-1/Б1
5.	Койма			56,8	02-029-035-018-1/В
6.	Кір жуу			14,5	02-029-035-018-1/Г
7.	казандық			12,8	02-029-035-018-1/Д